

Тойбекова Багдат Абдуллаевнаның
«Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың
полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбындағы
«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінгі таңда көп тілді оқыту - жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз тілін мен ұлттық құндылықтарын өзге елдерге танытуға мүмкіндік беретін қажеттілік. Сондықтан да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін бәсекеге қабілетті тұлға даярлау міндеттерін шешумен, «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасында, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтылатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілі мен жаһандық экономикаға табысты кірігу тілі – ағылшын тілі болуы тиіс екенін ерекше атап көрсетілген. «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясында үштілділікті дамыту Елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты мәселелері көрсетілген. Қазіргі уақытта білім алып отырған жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру жалпы білім беретін мектепте шешімі табылуы тиіс міндет ретінде қойылуда. Ол жөнінде білім беру үдерісінде басшылыққа алатын нормативті құжаттарда атап көрсетілген. Солардың бірі - Қазақстан Республикасының тіл саясатының іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген. Аталған құжатта Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту үшін нақты көрсетілген, оның ішінде қазақ, орыс, ағылшын үш тілді коммуникативтік тілдік кеңістікте қолданылуы және тілдерді дамыту Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын арттыру қажет екендігі мазмұндалған.

Осы міндетті жүзеге асыру үшін бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер, өз білімін тәжірибеде қолдана білетін, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен

карайтын, батыл шешім қабылдай алатын, еркін ойлайтын бірнеше тілдерді еркін игерген, тілдесімдік қабілетке ие құзыретті тұлғаны қажет етіп отыр.

Сол себепті ұсынылып отырған «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың бүгінгі қоғам талабын қанағаттандыруға бағытталған көкейкесті зерттеу екендігін дәлелдейді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық зерттеу жұмысының барысында автор:

1. «Оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні этностық, полимәдениеттілік пен құзыреттілік тұрғысынан нақтыланды және оқушының полилингвалды тұлғасы деңгейлеріне сипаттама берілген.

2. Жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалған.

3. Оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған және ол теориялық тұрғыдан дәлелденген.

4. Жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталған, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілген және дәлелденген.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қорытындылар зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін теориялық негіздемелерге сүйеніп алынып, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексерілген, сондықтан да олар негізділігімен және шынайылығымен ерекшеленеді. Ғылыми нәтижелердің дәлелдігі мен негізділігін мына көрсеткіштерден де байқауға болады: теориялық-әдіснамалық және практикалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестігімен, зерттеудің мақсатына, нысанына, пәніне, міндеттеріне сәйкес кешенді әдістердің қолданылуымен, теориялық тұжырымның нәтижелілігімен, тәжірибелік-эксперименттен алынған нәтижелердің жалпы білім беретін орта, гимназия, мектептерінің оқушылардың полилингвалды (ағылшын, орыс, қазақ) тұлғасын қалыптастыру, сабақтан тыс жұмыстарда пайдалануымен қамтамасыз етілген.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы тілдік тұлға, билингвалдық пен полилингвалды тұлға қалыптастыру теорияларды жан-жақты талдау және этностық, полимәдениеттік пен құзыреттілік тұғырлары аясындағы

анықталған теориялық зерттеулер нәтижелері мен тәжірибедегі оқушылардың көптілділікке ұмтылыс пен белсенділігіне ықпал ететін коммуникативтік құзыреттілігі өзектілігін анықтаумен, «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәнінің ашылуымен негізделген.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы, оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің педагогикалық үдерісті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруды, оқу-тәрбие үдерісі нәтижесінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін педагогикалық жүйе құраушыларын мазмұндық тұрғыдан анықтаумен, процессуалдық іс-әрекетке бағдар берумен дәйектелген.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы жалпы білім беретін мектепте оқушы тұлғалық дамуының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері негізінде сабақтан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың полилингвалды тұлға ретінде қалыптасуының ерекшеліктерін анықтауға, бағалауға, түзету мен жетілдіруге бағытталған педагогикалық шарттармен расталады.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға арналған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы, полилингвалды тұлғасын қалыптастыруға бағытталған 8-9 сынып оқушыларына арналған сөйлеу тапсырмалар жүйесі әзірленуімен; «Мектеп оқушыларының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру заман талабы» мектеп мұғалімдеріне арналған арнайы семинар бағдарламасының тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында алынған нәтижелермен дәлелденген.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеу барысында алынған әрбір ғылыми нәтиженің, жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың әрқайсысының өзіндік ғылыми жаңалығы бар.

Бірінші нәтиже жаңа, өйткені жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселесі жан-жақты зерделеніп, «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні мен мазмұны талданып, анықтама берілген, сондай-ақ оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру көрсеткіштері мен өлшемдері анықталып, деңгейлері сипатталған.

Екінші нәтиже де жаңа, өйткені онда жалпы білім беретін мектепте көптілді тұлғаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері басшылыққа алынып оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған.

Үшінші нәтиже де жаңа, өйткені онда жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық

шарттары ретінде: оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыруындағы коммуникативтік іс-әрекет көрсеткіштерін есепке алу; пәннен алған білімді (ана тілі), тілдік бірліктерді өз ойын жеткізу тәсілдеріне айналдыру, тілдік құрал ретінде пайдалану; сабақ пен сабақтан тыс аясында сөйлеу тапсырмаларын құрылымдау және олардың кезеңдерін анықтау; оқушылардың субъективтік белсенділігінің даму жолдары анықталып, тәжірибелік жұмыстарды дәлелденген.

Төртінші нәтиже жаңа, өйткені онда жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың әдістемесі жасалып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында тексеріліп және нәтижелілігі дәлелденген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Тойбекова Багдаттың диссертациялық жұмысының мазмұнында зерттеудің ғылыми болжамының, мақсат-міндеттерінің, қорғауға ұсынылған қағидаларының арасындағы ішкі логикалық бірлік айқын көрініс тапқан, яғни полилингвалды тұлғанының ұғымын анықтау мен оны диагностикалау бойынша ғылыми зерттеулерге шолу жасалып, жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың қазіргі жағдайы талданған; Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға арналған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы жасалып, 8-9 сынып оқушыларына арналған сөйлеу тапсырмалар жүйесі әзірленіп «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты оқу құралы даярланып; зерттеп отырған сапалық қасиеттерді қалыптастыру әдістемесі, яғни полилингвалды тұлғаны қалыптастыру үдерісінің мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары мен құралдары айқындалып, оны жүзеге асыру бойынша ұсыныстар даярланып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген.

Б.А.Тойбекованың диссертациялық зерттеуінің ғылыми-тәжірибелік нәтижелері кіріспедегі және үш бөлімдегі материал мазмұнының ішкі бірлігімен, тұжырымдық тұтастығымен және зерттеудің негізгі қорытындыларының логикалық бірлігімен сипатталады. Қорғауға ұсынылып отырған қағидалар мен алынған ғылыми нәтижелер зерттеудің мақсатына, міндеттеріне толығымен сәйкес келеді және зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдейді.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Ізденуші Багдат Тойбекованың диссертациялық жұмысындағы алынған нәтижелер мен жасалған тұжырымдардың үлкен қолданбалы маңызы бар, өйткені диссертанттың тікелей қатысуымен, ұсынылған сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға арналған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы жасалып, 8-9 сынып оқушыларына арналған сөйлеу тапсырмалар

жүйесі әзірленіп «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты оқу құралы даярланып мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Диссертацияда ұсынылған негізгі қағидалар, зерттеу нәтижелері, Зерттеу барысында барлығы 15 ғылыми мақала жарық көрді, соның ішінді 4 мақала Білім және ғылым саласында бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 1 мақала Scopus қорына кіретін журналда жарияланды; 6 мақала шетелдік халықаралық басылымдар мен конференцияларда, 4 мақала халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарының жинақтарында жарық көрді. Жарияланған бұл ғылыми еңбектер диссертациялық жұмыстың негізі қағидаларына, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларына толық сәйкес келеді.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыста жоғарыда аталған жетістіктермен қатар төмендегідей кемшіліктер де орын алған:

- ғылыми жұмыста оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру болғандықтан бұл бағытта жүргізілген зерттеу жұмыстарын оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру барысындағы полимәдени құзыреттілігін қалыптастыру тәжірибелеріне кеңірек тоқталғанда, жұмыстың құндылығы арта түскен болар еді;

- оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру бағытындағы мектептің оқыту үдерсіндегі барлық пәндердің мүмкіндіктерін тәжірибеде қолдану мәселелері кеңірек ашылғанда, жұмыстың құндылығы арта түскен болар еді;

- аталған тақырып бойынша талдаған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы 8-9 сынып оқушылары аясында емес, басқада да сыныптар шеңберінде қарастырылғанда, жұмыстың ауқымдылығы кеңейе түсер еді;

Алайда, бұл кемшіліктер тұтастай алғанда зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Б.А.Тойбекованың «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбындағы «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысының ғылымилығы, көкейкестілігі күмән келтірмейді. Диссертациялық жұмыс

аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Ізденуші міндеттерді нақты қоя білуімен қатар, шешімін де дәлелді көрсете білген.

Жоғарыда дәйектелген ғылыми-зерттеу материалдары негізінде ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына үйлесуін негізге ала отырып, Б.Тойбекова «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
катынастар және әлем тілдері университетінің
доценті, педагогика ғылымдарының докторы



М.С. Юнусова

Қойылған М.С. Юнусова
қолтаңбасын растаймын
Кадрлар бөлімінің инспекторы
Подпись Насир С.Б. Рау заверяю
Инспектор отдела кадров